**Автор**: Токаева Назгуль Муратбековна
**Пән**: Қазақ әдебиеті
**Сынып**: 6-сынып
**Бөлім**: Мен балаң жарық күнде сәуле қуған...
**Тақырып**: О.Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесіндегі автор және кейіпкер бейнесі

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;<br>6.2.2.1 эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау. |
| Сабақтың мақсаты: | - шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасай алу;<br>- эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;<br>- кейіпкер бейнесін талдай алу. |
| Тілдік мақсаттар: | Тірек сөздер:  құлағының мүкісі бар, қоламта, жемделген ат |
| Күтілетін нәтиже: | шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасай алады; эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтай алады және кейіпкер бейнесін талдай алады. |
| Бағалау критерийлері: | • Кейіпкерлер түрін біледі;<br>• Кейіпкерді тек тұрғысынан сипаттай алады. |
| Құндылықтарды дарыту: | • адамгершілік;<br>• достық;<br>• құрмет |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | интербелсенді тақта |
| Пәнаралық байланыс: | тарих |
| Бастапқы білім: | О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасының тақырыбы мен идеясын біледі |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (12 минут) | **1. Үй тапсырмасын сұрау.**<br>**2. Қызығушылықты ояту кезеңі**<br>***Мұғалім тақтаға «Қарым-қатынас қандай болу керек?» деген сұрақты жазып қояды.*** Оқушылар кезекпен-кезек шығып бір сөзбен ойын жазып кетеді.<br>Мысалы:  - Сыйластықта  - Жақсы  - Бір-бірін қорғау керек<br>- Жақсылық жасау керек  - Дос болу керек<br>- Қайырымды болу керек  Жазғандарын сынып оқушылары оқып болғаннан кейін мұғалім қойған сұраққа жұпта сөйлеседі.<br>Сұрақтар:<br>• Ораш пен Тортайдың қарым-қатынасы қандай болды?<br>• Бір-бірін қадірлей алды ма?<br>• Неліктен Ораш Тортайдан алыстап кетті? | интербелсенді тақта |

<table>
<tr><th>Сабаққезеңдері</th><th>Жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>(21 минут)</td>
<td>

**Мағынаны тану кезеңі**<br>
***1-тапсырма Кестені толтыр. Берілген үзінділер қай кейіпкерге тән?***

<table>
<tr><th>Үзінділер</th><th>Тортай</th><th>Ораш</th><th>Менің үзінділер арқылы шығарған қорытындым</th></tr>
<tr><td>«Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, әкем де, шешем де сол – кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің – бәрі-бәрі ұмтылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Кетерімде ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің».</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып, жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Әрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді».</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Шешемнің қолынан – бір, жолынан – екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын.</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>«Әке-шешең іздеп жүрер, үйіңе қайт, қорықсаң – мен шығарып салайын»</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

**Дескриптор:**<br>
*- кестені толық толтырады;*<br>
*- үзінділерді ажырата алады;*<br>
*- кейіпкерлерді ажырата алады.*<br>
*2- тапсырма*<br>
***Ораш бала кезінде бірге өскен досы Тортай келгенде амандасуға шықпай қалды. Осы әрекеті дұрыс па?***

<table>
<tr><th>ИЯ</th><th>ЖОҚ</th></tr>
<tr><td>1.<br>2.<br>3.<br>түйін:</td><td>1.<br>2.<br>3.</td></tr>
</table>

**Дескриптор:**<br>
*- пікірді жоққа шығара біледі;*<br>
*- ұстанған позициясы бойынша қорытынды жасайды;*<br>
*- оқушы ойын жүйелейді, пікірін дәлелді айта алады.*

***3- тапсырма: Эссе жазу***<br>
***Әдеби эссе жазу үшін бірнеше тақырып ұсынылады:***<br>
*- «Тортайдың отбасының болмауы тағдырына қалай әсер етті?»*<br>
*- «Тортай арманының орындалмауына кім кінәлі: Тортай ма, тағдыр ма?»*<br>
***эссенің сөз саны - 100***<br>
**Дескриптор:**<br>
*- тақырыпты толық ашып жазады;*<br>
*- тақырыптан ауытқымайды;*<br>
*- сөз санын сақтайды;*<br>
*- жазу стилін біледі.*

</td>
<td>слайд, презентация<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Кері байланыс/2 минут<br><br><br><br><br>Кері байланыс/2 минут</td>
</tr>
</table>

| **Сабақкезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>(2 минут) | **Үй тапсырмасы: «Кейіпкерге хат жазу»**<br>1. Шығарма кейіпкерлерін бөліп беру;<br>2. Берілген кейіпкерлерге олардың іс-әрекеті туралы сұрақтарды топтастырып, хат жазу керек;<br>3. Егер ... болса, не болар еді? Неге? Неліктен?<br>4. Хат соңында кейіпкерге ұсыныс жазғызыңыз.<br>**Дескриптор:**<br>- шығарма кейіпкерлерін таңдай алады;<br>- берілген кейіпкерлерге олардың іс-әрекеті туралы сұрақтарды топтастырады және хат жаза алады;<br>- ойын дәлелдей алады;<br>- кейіпкерге ұсыныс жаза алады. | |
| Рефлексия<br>(5 минут) | **Сабақ рефлексиясы:**<br>***Оқушыларға қозғалыс арқылы рефлексиялық сараптау түрлерін ұсынуға болады:***<br>- жартылай отыру - өте аласа сараптау, жағымсыз қатынас;<br>- отыру, яғни тізелерді аз бүгіп отыру - орта сараптау, немқұрайлы қатынас;<br>- әдеттегі қалыпты тұрыс, қолдары тігістерде ұстау - қанағаттанарлық сараптау, байсалды қатынас;<br>- қолдарын шынтақтарға қойып көтеру - жақсы сараптау, жағымды қатынас;<br>- Қолдарын жоғары көтеріп , алақандарын соғу және аяқтарының ұшымен тұру - өте жоғары сараптау, қуанышты қатынас. | |